**2011 жылы ақылы қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру туралы**

*Күшін жойған*

Шығыс Қазақстан облысы Катонқарағай аудандық әкімдігінің 2011 жылғы 25 сәуірдегі N 357 қаулысы. Шығыс Қазақстан облысы Әділет департаментінің Катонқарағай аудандық әділет басқармасында 2011 жылғы 17 мамырда N 5-13-90 тіркелді. Күші жойылды - Катонқарағай аудандық әкімдігінің 2011 жылғы 30 желтоқсандағы N 648 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Катонқарағай аудандық әкімдігінің 2011.12.30 N 648 қаулысымен.

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 Заңының 31-бабының 1-тармағы 13) тармақшасының, «Халықты жұмыспен қамту туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 149 Заңының 7-бабы 5) тармақшасының, 20 бабының, «Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Халықты жұмыспен қамту туралы» Заңын жүзеге асыру туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 19 маусымдағы № 836 қаулысымен бекітілген қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру және қаржыландыру Ережесінің негізінде, жұмысқа орналасуда қиыншылық көріп отырған халықтың әртүрлі топтарын қолдау және мемлекеттік кепілдіктер жүйесін кеңейту мақсатында, Катонқарағай аудандық әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. Қоса беріліп отырған 2011 жылы ақылы қоғамдық жұмыстар жүргізілетін ұйымдардың тізімі, қоғамдық жұмыстардың түрлері, көлемі, қаржыландыру көздері және нақты жағдайлары бекітілсін (қосымша).

2. Ұйым басшыларына (келісім бойынша) жұмыскерлердің жекелеген санаттарына (кәмелетке толмаған балалары бар әйелдерге, көп балалы аналарға, мүгедектерге, 18 жасқа толмаған жұмыскерлерге) жұмысты толық емес жұмыс күні жағдайында жасау мүмкіндігін беру сонымен қатар тиісті санаттың еңбек жағдайы ерекшеліктерін есепке алу арқылы және Қазақстан Республикасы еңбек заңнамасына сәйкес жұмыс уақытын ұйымдастырудың икемді нысандарын қолдану ұсынылсын.

3. Қаулының нормаларын жүзеге асыру жауаптылығы Катонқарағай аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөліміне (Г.Қ Болғамбаева) жүктелсін.

4. «2011 жылы қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру туралы» Катонқарағай аудандық әкімдігінің 2011 жылғы 10 қаңтардағы № 251 қаулысының күші

жойылсын.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Б.Т. Рақышеваға жүктелсін.

6. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік 10 күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Аудан әкімі* *А. Бекбосынов*

Катонқарағай аудандық әкімдігінің 2011 жылғы 25 сәуірдегі № 357 қаулысымен бекітілген

## 2011 жылы қоғамдық жұмыстар жүргізілетін ұйымдардың тізімі, қоғамдық жұмыстардың түрлері, көлемі, қаржыландыру көздері және қоғамдық жұмыстардың нақты жағдайлары

| № р/н | Ұйымдар аты | Қоғамдық жұмыс түрлері | Атқарылатын жұмыстар көлемі | Сұраныс ( жарияланған қажеттілік) | Ұсыныс ( бекітілген ) | Қаржылан көзі |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | "Катонқарағай ауданы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі | Жеке тұлғаларды есепке алу жөніндегі ақпараттық жүйені нақтылау, толтыру жұмыстарына көмектесу; мекеменің аумағын жинастыру, көгалдандыру және көркейту, гүлзарларды суару | Күніне 20-25 құжат; 400 шаршы метр | 3 | 3 | Катонқара ауданыны бюджеті |
| | | | | | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 2 | "Үлкен Нарын ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі | Шаруашылық кітаптарын нақтылау, толтыру; аумақты жинастыру, өңірді экологиялық сауықтыру ( көгалдандыру және көркейту); көшеттерді отырғызу, суару; қоқыстарды тиеп шығару жұмыстары; салық жинауға көмектесу; ескерткіштердің жанындағы аумақты жинастыру, жөндеу жұмыстары және қызмет көрсету, гүлзарларды суару; жалғыз басты қарт адамдарға үй шаруашылығына көмектесу (үйлердің шатырларын қардан тазалау, отын жару) жұмыстары; учаскелік полиция инспекторына құқық бұзушылықтың алдын алу жұмыстарына, қылмысты ашуға көмектесу; хат-хабарларды жеткізу | Тұрғындардың 7960 жалпы адам санымен 6 ауыл, 2229 үй; айына 3-4 гектар; 600 көшет; айына 32 тонна; барлығы 2229 үй; 4 ескерткіш, 800 шаршы метр; айына 900-1000 шаршы метр; 1 учаскелік полиция пункті, аптасына 5 рейд; айына 5-10 құжат | 54 | 54 | Катонқара |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | ауданыны бюджеті |
| 3 | "Ново-Хайрузовка ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі | Шаруашылық кітаптарын нақтылау, толтыру; аумақты жинастыру, өңірді экологиялық сауықтыру ( көгалдандыру және көркейту); көшелерді тазалау; көшеттерді отырғызу, суару; қоқыс үйінділерді тазалау және қалпына келтіру жұмыстары; ескерткіштердің жанындағы аумақты жинастыру, жөндеу жұмыстары және қызмет көрсету, гүлзарларды суару; жөндеу жұмыстар ( әлеуметтік-мәдени нысандарды жөндеу және қайта жаңарту); учаскелік полиция инспекторына құқық бұзушылықтың алдын алу жұмыстарына, қылмысты ашуға көмектесу; хат-хабарларды жеткізу | Тұрғындардың 2031 жалпы адам саны-мен 4 ауыл, 527 үй; айына 11820 шаршы метр; 1,5 шақырым; 200 көшет; 2370 шаршы метр; 2 ескерткіш, 500 шаршы метр; айына 4250 шаршы метр; 1 учаскелік полиция пункті, аптасына 5 рейд; айына 5-10 құжат | 16 | 16 | Катонқара ауданыны бюджеті |
| 4 | "Солоновка ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі | Шаруашылық кітаптарын нақтылау, толтыру; аумақты жинастыру, өңірді экологиялық сауықтыру ( көгалдандыру және көркейту); көшеттерді отырғызу, суару; учаскелік инспекторларға құқық бұзушылық фактілердің алдын алуға, ашуға көмектесу; хат-хабарларды жеткізу | Тұрғындардың 2394 жалпы адам санымен 2 ауыл, 568 үй; айына 2697 шаршы метр; 200 көшет; 1 учаскелік полиция пункті, аптасына 4 рейд; айына 5-10 құжат | 15 | 15 | Катонқара ауданыны бюджеті |
| 5 | "Ново-Березовка ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі | Шаруашылық кітаптарын нақтылау, толтыру; аумақты жинастыру, өңірді экологиялық сауықтыру ( көгалдандыру және көркейту); көшеттерді отырғызу, суару; учаскелік инспекторларға құқық бұзушылық фактілердің алдын алуға, ашуға көмектесу; хат-хабарларды жеткізу | Тұрғындардың 2975 жалпы адам санымен 4 ауыл, 615 үй; айына 2697 шаршы метр; 800 көшет; 1 учаскелік полиция пункті, аптасына 4 рейд; айына 5-10 құжат | 12 | 12 | Катонқара ауданыны бюджеті |
| | | Шаруашылық кітаптарын нақтылау, толтыру; аумақты жинастыру, өңірді экологиялық сауықтыру ( көгалдандыру және көркейту); | Тұрғындардың 1582 жалпы адам санымен 4 ауыл, 349 үй; | | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 6 | "Ново-Поляковка ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі | көшелерді тазалау; көшеттерді отырғызу, суару; ескерткіштердің жанындағы аумақты жинастыру, гүлзарларды суару; қоқыстарды тиеп шығару жұмыстары | айына 2370 шаршы метр; 9,5 шақырым; 100 көшет; 250 шаршы метр; аптасына 5-6 тонна | 12 | 12 | Катонқара ауданыны бюджеті |
| 7 | "Солдатово ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі | Шаруашылық кітаптарын нақтылау, толтыру; аумақты жинастыру, өңірді экологиялық сауықтыру ( көгалдандыру және көркейту); жөндеу жұмыстар ( әлеуметтік-мәдени нысандарды жөндеу және қайта жаңарту); көшеттерді отырғызу, суару; учаскелік инспекторға құқық бұзушылық фактілердің алдын алуға, ашуға көмектесу ;<br>хат-хабарларды жеткізу | Тұрғындардың жалпы 1245 адам санымен 1 ауыл, 233 үй; айына 4000 шаршы метр; аптасына 285 шаршы метр; 400 көшет; 1 учаскелік полиция пункті; аптасына 4 рейд; аптасына 5-6 құжат | 10 | 10 | Катонқара ауданыны бюджеті |
| 8 | "Катонқарағай ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі | Шаруашылық кітаптарын нақтылау, толтыру; аумақты жинастыру, өңірді экологиялық сауықтыру ( көгалдандыру және көркейту); Катонка өзенінің, арықтардың арнасын тазалау; көшеттерді отырғызу, суару | Тұрғындардың 6819 жалпы адам санымен 5 ауыл, 1100 үй; жыл бойы 50 гектар; айына 45 шақырым;<br>250 көшет | 28 | 28 | Катонқара ауданыны бюджеті |
| 9 | "Коробиха ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі | Шаруашылық кітаптарын нақтылау, толтыру; аумақты жинастыру, өңірді экологиялық сауықтыру ( көгалдандыру және көркейту); қоқыстарды тиеп шығару жұмыстары;<br>көшеттерді отырғызу, сұғару | Тұрғындардың 1454 жалпы адам санымен 3 ауыл, 321 үй; жыл бойы 15 гектар;<br>жыл бойы 250 тонна;<br>100 көшет | 12 | 12 | Катонқара ауданыны бюджеті |
| 10 | "Ақсу ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі | Аумақты жинастыру, өңірді экологиялық сауықтыру ( көгалдандыру және көркейту); күл-қоқыстарды тиеп шығару жұмыстары;<br>өзендердің, бұлақтардың арнасын тазарту; жөндеу жұмыстар, көпірлерді жөндеу және қайта жаңарту; ауылдық клубты жылыту жұмыстары | Айына 3200 шаршы метр; жыл бойы 80 тонна;<br>айына 25 шақырым;<br>5 көпір; жылу беру мерзімі бойынша | 8 | 8 | Катонқара ауданыны бюджеті |
| | | Шаруашылық кітаптарын нақтылау, толтыру; | | | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 11 | "Белқарағай ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі | аумақты жинастыру, өңірді экологиялық сауықтыру ( көгалдандыру және көркейту); көшеттерді отырғызу, суару; мәдени әлеуметтік нысандарды жөндеу жұмыстары; бос ғимараттар мен үйлердің маңайын тазалау; учаскелік инспекторларға құқық бұзушылық фактілердің алдын алуға, ашуға көмектесу; хат-хабарларды жеткізу | Тұрғындардың 2161 жалпы адам санымен 4 ауыл, 412 үй; жыл бойы 25 гектар; 250 көшет; 2 ауылдық клуб; 8 үй, аптасына 300-400 шаршы метр; 1 учаскелік полиция пункті, аптасына 4 рейд; айына 5-10 құжат | 12 | 12 | Катонқара ауданы бюджеті |
| 12 | "Аққайнар ауылдық округі әкімінің аппараты " мемлекеттік мекемесі | Шаруашылық кітаптарын нақтылау, толтыру; аумақты жинастыру, өңірді экологиялық сауықтыру ( көгалдандыру және көркейту); көшелерді тазалау жұмыстары ; бос ғимараттар мен үйлердің маңайын тазалау | Тұрғындардың 2683 жалпы адам санымен 4 ауыл, 468 үй; аптасына 600 шаршы метр; айына 4-5 шақырым; 9 үй, аптасына 500 шаршы метр | 16 | 16 | Катонқара ауданы бюджеті |
| 13 | "Жамбыл ауылдық округінің әкімі" мемлекеттік мекемесі | Шаруашылық кітаптарын нақтылау, толтыру; аумақты жинастыру, өңірді экологиялық сауықтыру ( көгалдандыру және көркейту); көшелерді тазалау жұмыстары ; көшеттерді отырғызу, суару; жөндеу жұмыстар, көпірлерді жөндеу және қайта жаңарту; бос ғимараттар мен үйлердің маңайын тазалау | Тұрғындардың 1622 жалпы адам санымен 5 ауыл, 359 үй; аптасына 600 шаршы метр; жыл бойы 22 шақырым; 200 көшет; 6 көпір, 34 шаршы метр; 12 үй, 600 шаршы метр | 9 | 9 | Катонқара ауданы бюджеті |
| | | | | | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | Катонқара |
| 14 | "Өрел ауылдық округінің әкімі" мемлекеттік мекемесі | Шаруашылық кітаптарын нақтылау, толтыру; аумақты жинастыру, өңірді экологиялық сауықтыру (көгалдандыру және көркейту); көше бойындағы арықтарды тазалау; көшеттерді отырғызу, суару; қоқыстарды тиеп шығару, қоқыс үйінділерді тазалау; жөндеу жұмыстары (әлеуметтік-мәдени нысандарды жөндеу және қайта жаңарту); бос ғимараттар мен үйлердің маңайын тазалау | Тұрғындардың 2753 жалпы адам санымен 3 ауыл, 587 үй; айына 1900 шаршы метр; жыл бойы 22 шақырым; 300 көшет; жыл бойы 25-30 тонна; аптасына 80-100 шаршы метр; күніне 80-90 шаршы метр | 9 | 9 | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | ауданыны бюджеті |
| 15 | "Катонқарағай ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі | Ағымдағы және мұрағаттық құжаттарымен жұмыс істеу; тұрғындардың әлеуметтік жәрдемақы алушылардың іс-құжаттарын құру, тігу жұмыстары; мүгедектердің жеке іс-құжаттарын құру, жұмыссыздардың іс-құжаттарын құру | Айына 500 құжат ; күніне 10-20 құжат; жылына 1632 іс; жыл бойы 7 700 құжат | 5 | 5 | Катонқара ауданыны бюджеті |
| 16 | "Катонқарағай ауданының кәсіпкерлік бөлімі" мемлекеттік мекемесі | Үй-жайларды жинастыру; хат-хабарларды жеткізу | Күніне 107 шаршы метр; күніне 2-3 құжат | 2 | 2 | Катонқара ауданыны бюджеті |
| 17 | "Катонқарағай ауданының ішкі саясат , мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі " мемлекеттік мекемесі | Үй-жайларды жинастыру; хат-хабарларды жеткізу | Күніне 64 шаршы метр; күніне 5-6 құжат | 2 | 2 | Катонқара ауданыны бюджеті |
| 18 | «Катонқарағай ауданының сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімі» мемлекеттік мекемесі | Ағымдағы және мұрағат құжаттарымен жұмысқа көмектесу (өңдеу, құру, тігу); хат-хабарларды жеткізу | Айына 40-50 құжат; күніне 3-5 құжат | 1 | 1 | Катонқара ауданыны бюджеті |
| 19 | «Катонқарағай ауданының қаржы бөлімі» мемлекеттік мекемесі | Ағымдағы және мұрағат құжаттарымен жұмыстарға көмектесу (өңдеу, құру, тігу) | Айына 50-60 құжат; күніне 3-5 құжат | 1 | 1 | Катонқара ауданыны бюджеті |
| 20 | "Нұр Отан" ХДП қоғамдық бірлестігі Катонқарағай аудандық филиалы | Ағымдағы және мұрағаттық құжаттарымен, партия мүшелерінің картотекасы бойынша жұмыстарға көмектесу; үй-жайларды жинастыру; хат-хабарларды жеткізу | Айына 50-60 құжат; айына 20-30 құжат; 68,5 шаршы метр ; күніне 5-6 құжат | 4 | 4 | Катонқара ауданыны бюджеті |
| 21 | «Шығыс Қазақстан облысының статистика департаменті Катонқарағай аудандық статистика басқармасы» мемлекеттік мекемесі | Үй-жайларды жинастыру; хат-хабарларды жеткізу | Күніне 75 шаршы метр; күніне 5-8 құжат | 2 | 2 | Катонқара ауданыны бюджеті |
| 22 | Катонқарағай аудандық пошта байланысының торабы | Пошта хат-хабарларын тасымалдау | Жылына 9440 дана | 22 | 22 | Катонқара ауданыны бюджеті |
| | | | | | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 23 | «Катонқарағай ауданы бойынша Шығыс Қазақстан облыстық балалар-жасөспірімдер спорт мектебі» мемлекеттік мекемесі | Спорттық іс-шараларды өткізуге көмектесу | Айына 4-5 шара | 2 | 2 | Катонқара ауданыны бюджеті |
| 24 | "Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаменті Катонқарағай аудандық әділет басқармасы" мемлекеттік мекемесі | Ағымдағы және мұрағат құжаттарымен жұмысқа көмектесу;<br>хат-хабарларды жеткізу | Айына 500 құжат ;<br>күніне 10 құжат | 1 | 1 | Катонқара ауданыны бюджеті |
| 25 | «Катонқарағай ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлімі » мемлекеттік мекемесі | Әскерге шақырылушының іс-құжаттарын құру, тігу жұмыстары;<br>шақыру қағаздарын тарату | Айына 115 құжат ;<br>айына 50 құжат | 2 | 2 | Катонқара ауданыны бюджеті |
| | Барлығы: | | | 260 | 260 | |

Қоғамдық жұмыстардың нақты шарты:

Жұмыс аптасының ұзақтығы 5 күнді құрайды, екі демалыс күн беріледі, сегіз сағаттық жұмыс күні, түскі үзіліс 1 сағат, жұмыс уақытын есептеу табелінде көрсетілген дәлелді жұмыс істеген уақыты арқылы жұмыссыздың жеке шотына аудару жолымен жүзеге асырылады.

Еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы бойынша нұсқаулық, арнайы киіммен, құрал-жабдықтармен қамтамасыз ету, уақытша жұмысқа жарамсыздық бойынша әлеуметтік жәрдемақы төлеу, денсаулыққа мертігу немесе басқа зақымдану салдарынан келтірілген зияндардың орынын толтыру, зейнетақы және әлеуметтік ақша аударулар Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес жүргізіледі.

Қызметкерлердің жекелеген санаттары үшін (әйелдер және отбасылық міндеттері бар өзге адамдар, мүгедектер, он сегіз жасқа толмаған адамдар) қоғамдық жұмыстардың шарттары сай келген санаттың еңбек шарттарының ерекшеліктерін ескерумен анықталады және Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес жұмысшы мен жұмыс беруші арасында жасалатын еңбек шартымен қарастырылады.

*Аудан әкімі аппаратының басшысы С. Мубараков*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК